



Серіктестіктің жаңа кезеңі байыпталды



Фин таратының бастамасымен Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен Финляндия Республикасының Президенті Александр Стубб телефон арқылы сөйлесті.

Мемлекеттер басшылары екіжақты ынтымақтастықтың қазіргі жай-күйі мен даму келешегін талқылап, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстарды одан әрі нығайтуға қос тараптың да бейлі екенін растады.

Екі ел арасындағы қарым-қатынасқа тың серпін беру үшін Финляндия Президенті биыл қазан айында Қазақстанға сапармен келуге дайын екенін жеткізді. Сондай-ақ алдағы кезеңге жоспарланған жоғары деңгейдегі

келіссөздердің мазмұнын байытудың маңызына назар аударылды. Оның қорытындысы қазақ-фин серіктестігінің жаңа кезеңіне жол ашады.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев пен Александр Стубб бірқатар өзекті халықаралық мәселелер бойынша пікір алмасты. Тараптар орнықты дамуды қамтамасыз ету, жаһандық бейбітшілік пен қауіпсіздікті ілгерілету мақсатында көпжақты ұйымдар аясындағы күш-жігерді үйлестірудің маңызын атап өтті.

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының біртұтас энергетикалық жүйелерінің қатар жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы келісімді ратификациялау туралы

2023 жылғы 9 қарашада Астанада жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының біртұтас энергетикалық жүйелерінің қатар жұмыс істеуін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы келісім ратификациялансын.

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда, 2025 жылғы 12 наурыз № 170-VIII ҚРЗ

Көңіл айтты

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев әйгілі композитор, «Отырар сазы» ұлт аспаптары академиялық оркестрінің негізін қалаушы Нұрғиса Тілендиевтің жары, белгілі мәдениет қайраткері Дариға Тілендиеваның дүниеден өтуіне байланысты туған-туыстары мен жақындарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтты.

АЛАҢДАТАРЛЫҚ АХУАЛ

Жол қауіпсіздігін қалай реттейміз?

Елімізде жол-көлік апатының жиілеуі жұртшылықты алаңдатып тұр. Жылына 2 мыңнан аса адам жол үстінде қаза тауып, 10 мыңдаған тұрғын жарақат алады. Бұл проблемаға Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты халыққа Жолдауында арнайы тоқталғаны белгілі.

Ескендір ЗҰЛҚАРНАЙ, «Egemen Qazaqstan»

Президент: «Жол-көлік инфрақұрылымын жақсарту және интеллектуалдық жүйені енгізу арқылы жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге болады. Бұл – жергілікті ғана емес, республикалық жолдарға да қатысты мәселе», деді. Сенатор Нұрлан Бекназаровтың айтуынша, жол-көлік оқиғаларының салдарынан туындайтын әлеуметтік және экономикалық шығындардың артуы жол қозғалысын қамтамасыз етуде мемлекеттік деңгейдегі маңызды мәселеге айналып отыр. Ол қазіргі қолданыстағы заңнамада жол қозғалысы



Суретті түсірген – Ерлан ОМАР, «EQ»

саласы кеңінен реттелгенін, жол қозғалысына қатысушылардың өмірі мен денсаулығы бірінші кезекте екенін, сондай-ақ жол ережелерін бұзғаны үшін қатаң жауапкершілік бекітілгенін айтады. Дегенмен соған қарамастан әзірге оң нәтижеге қол жеткізу мүмкін болмай тұр. Оның себебі неде?

«Бас прокуратураның ақпаратына сәйкес, 2024 жылы жол-көлік оқиғалары саны 98,9%-ға өсіп, 31 597 оқиғаны құрады.

Жарақат алғандар саны 109%-ға өсіп, 40 873 адамға жетті. Сондай-ақ қаза тапқандар саны 1,4%-ға өсіп, 2 579 фактіні құрады. Жол-көлік оқиғаларынан зардап шеккен бала саны 133,7%-ға, яғни 4 342-ден 10 149 адамға және қайтыс болғандардың 3,5%-ға, яғни 317-ден 328 адамға дейін өскені ерекше алаңдаушылық туғызады», дейді сенатор.

4 >

ІЛКІМДІ ІЛГЕРІЛЕУ



Коллектор жасаған – Зәуреш СМІЛЖІ, «EQ»

Мұнай-газ өндірісінің мүмкіндігі мол

Атырауда мұнай-газ саласына арналған жабдықтар шығаратын «Beruseal Caspian» зауытының ресми ашылуы өтті. Бұл – отандық өндірісті дамыту және ірі мұнай-газ жобаларындағы отандық тауарлардың үлесін арттыру жолындағы маңызды қадам.

Абай АЙМАҒАМБЕТ, «Egemen Qazaqstan»

Бұған дейін Мемлекет басшысы отандық өндірісті дамыту, жаңа технологияларды тарту және жұмыс орындарын құру міндетін айта келеді. Бұл зауытты іске қосу импортқа тәуелділікті төмендетуге және жергілікті кәсіпорындарды дамытуға серпін бермек. Жаңа кәсіпорында құбырларға арналған жылдам ажыратылатын қысқыштар мен оларды жөндеуге

арналған композициялық материалдар өндіріледі. Бұрын бұл жабдық шетелден сатып алынатын, енді ол өзімізде шығарылады. 2021 жылдан бастап еліміз мұнай-газ саласындағы отандық өндіріс үлесін ұлғайту бойынша белсенді жұмыс жүргізіп келеді. Бүгінде халықаралық инвесторлар және жабдық өндірушілермен 24 келісім жасалып, 27 локализация жобасы әзірленді, олардың ішінде 7 зауыт іске қосылды.

Мұндай зауыт жақында Оралда да

ашылған. Құны 1 млрд теңге болатын жоба Желәева елді мекеніндегі өнеркәсіптік аймақ аумағында орналасқан. Компанияға 2,5 гектар жер телімі мемлекеттік қолдау аясында берілген. Қазір кәсіпорын 120 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

Энергетика министрлігінің хабарлауынша, АҚШ, Германия, Италия, Оңтүстік Африка және Оңтүстік Корея елдерінің компаниялары біздің елде мұнай-газ саласына арналған тауарлар өндіретін кәсіпорындарын ашуға мүдделі. Әлеуетті серіктестер қатарында германиялық «Leser», оңтүстік африкалық «Beruseal», америкалық «John Crane» компаниялары бар.

5 >

МӘСЕЛЕНІҢ МӘНІСІ

Коллектор да келісімге келеді

Елімізде коллекторлық агенттіктердің жұмысына жаңа ережелер кезек-кезеңімен енгізіліп жатыр. Бүгінде олар борышкерлерге қарыздың сатып алынғаны туралы 30 күн ішінде хабарлап, өтініштерін тіркеуге әрі қарастыру нәтижелерін құжаттауға міндетті. Бұл өзгерістер жариялылықты арттыруға бағытталған. Алайда мамандардың айтуынша, борышкерлер өз құқығын білмегендіктен, қарапайым ережелерді меңгере алмай, берешек жүзінен құтыла алмай отыр.

Елігімай ТӨҢКЕР, «Egemen Qazaqstan»

Тағы да жаңа ереже

Коллекторлық агенттіктердің жұмысы жаңа ережелермен жүйеленеді. Олардың қызметін реттеу және борышкерлердің құқықтарын қорғау мақсатында жаңа ережелер енгізілді. 26 ақпанда бекітілген қаулыға сәйкес, агенттіктер борышкерлерден түскен өтініштерді міндетті түрде тіркеп, қарастыру нәтижелерін құжаттайды. Бұл өзгеріс борышкерлердің шағымдары елеусіз қалмауын және олардың мәселелерін заң аясында шешуге мүмкіндік беруін көздейді.

Сондай-ақ былтырғы 1 қазаннан бастап коллекторлық агенттіктер банк несиесі немесе микрокредит

бойынша құқықтарды сатып алғаннан кейін, 30 күн ішінде борышкерге бұл туралы хабарлауға тиіс. Бұрын кей жағдайларда борышкерлер өздерінің берешегі басқа ұйымға өткенін білмей қалатын. Жаңа талаптар бұл мәселені шешіп, ақпараттың ашықтығын қамтамасыз етпек. Коллекторлар мен борышкерлер арасындағы өзара іс-қимылды реттеу мақсатында атқарушылық өндіріс аясында жүргізілетін іс-шаралар да нақтыланды. Сонымен қатар борышкерлердің өз құқығы туралы хабардар болуын күшейту бойынша талаптар енгізілді. Бұл олардың қаржылық жағдайын түсініп, заңды жолмен шешім қабылдауына мүмкіндік береді.

6 >

КЕШЕ КЕШКІСІН...

Қозғалыс уақытына шектеледі

Қорғаныс министрлігінің ресми өкілі Руслан Жангулиннің айтуынша, Жеңістің 80 жылдығына арналған Астана қаласында өтетін әскери парадқа дайындық шараларына байланысты 13 наурыздан бастап жеке құрамды тасымалдау және әскери техниканың қозғалысы басталады деп жоспарланған. «Осыған орай еліміздің кей аймағында жолдардың жекелеген учаскелерінде қозғалысқа уақытша шектеу енгізілуі мүмкін екендігі» хабарланды. 22 сәуір мен 7 мамыр аралығында әскери авиацияның жаттығу ұшулары үшін Астанада әуе кеңістігін пайдалануға қысқартылған шектеулер қойылады.

БҮГІН БАСЫЛЫМДА

Қазақ арманы

Ел боламыз десе, есінді жидыратың, тұтас ұлтты ұйытатың, рухты көтеретін, керек десе, сол идея жолында жан беруге болатын ұлттық идеология керек бізге. Мұны айтып жүрген жалғыз біз емес және бұл бүгін ғана пайда болған мәселе емес. Ұлттың сөзін тас қылып ұстаған Асан қайғы, Доспамбет, Шалқияз, Бұқар жыраулардан бергі көптің өкілі ретінде біз де бұл мәселеге бас қатырарымыз бар. Талай жерде осыны айттық.

ВАЛЮТАЛАРДЫҢ РЕСМИ БАҒАМЫ:

EUR/KZT 533.47 USD/KZT 489.15 RUB/KZT 5.64 CNY/KZT 67.53

ЕРТЕҢ — «ЕГЕМЕНДЕ»

Ұлан-ғайыр далаға киік сыймай барады...

Қазірде қазақ даласында ақбөкеннің қыстық өрісі, орын ауыстыру жолы, жазғы жайылымы белгіленген үш ірі үйірі бар. Олар Бетпақдала, Арал, Орал өңірінде. Бұрын Бетпақдала популяциясы ең ірісі деп есетелетін. Кейінгі жылдары экологиялық өзгеріске байланысты Орал үйірі тез қарқынмен өсіп, алдыңғы қатарға шықты.